

Семей мемлекеттік медицина университеті

Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Дипломдық зерттеулер. Зерттеу нысаны мен тақырыбын анықтау.

Орындаған: Басаролла Н.Н.
234-ЖМ
Тексерген: Калбагаева Ж.Е.

Жоспар:

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім.

2.1. Диплом жұмысының құрылымы және оның қысқаша мазмұны

2.2. Дипломдық жұмыста қойылатын талаптар мен ережелер.

2.3. Диплом жұмысының тақырыбын таңдау.

2.4. Дипломдық жұмыстағы зерттеу объектілері.

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланған әдебиеттер.



Кіріспе

Дипломдық жұмыс – бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының 5.03.016-2009

«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі, жоғары оқу орындарында диплом жұмысын (жоба) орындау ережесі» (2009 жылдың 01 қыркүйегінде енгізілген) талаптарына сәйкес, Академия студенттерінің оқуының соңғы кезеңінде өз бетімен орындалатын жазбаша ғылыми-зерттеу



Негізгі бөлім



Дипломдық жұмыс мамандық бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын жүйелеуге, бекіту мен кеңейтуге және нақты ғылыми, техникалық, экономикалық, өндірістік, сонымен қатар мәдени мақсаттарды шешуге; ғылыми зерттеу әдісін меңгеру және өз бетінше жұмыс жүргізе алу мен мәселелерді шешу кезіндегі эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту; студенттің қазіргі заманғы өндіріс, ғылым, техника, мәдениет және кәсіби құзырлылық жағдайындағы өзбетілік жұмысқа дайындығын анықтауға бағытталған.

Диплом

жұмысының құрылымы және оның қысқаша мазмұны



Диплом жұмысының көлемі мамандық ерекшеліктеріне байланысты 60-90 бетті құрауы қажет. Қосымшалар дипломдық жұмыстың аталған көлеміне кірмейді. Бұл тараудағы мәселеге толығырақ тоқталмастан бұрын, дипломдық жұмысты жазу бойынша негізгі талаптарды тағы да атап өтейік, олар: жұмыстың мақсатқа бағытталуы; нақтылығы; мәліметтерді логикалық, жүйелі түрде және өз бетінше баяндау; зерттеудің тереңдігі, көрсетілген бөлім сұрақтарының мазмұнын толық ашу; дәлелдемелердің сенімділігі; тұжырымдардың қысқалылығы және нақтылығы; жұмыстың нәтижелерін нақты сипаттау; қорытындының дәлелділігі мен ұсыныстардың негізділігі; талаптарға сәйкес безендірілуі.

Дипломдық жұмысты жазу барысында келесі ережелерді сақтау керек:



- дипломдық жұмыстың кіріспесі мен қорытындысы 2-3 беттен кем болмауы міндетті;
- жұмыстың әрбір тарауы 2-3 параграфтан тұруы керек. Сонымен бірге әрбір параграфтың көлемі 9-10 беттей болуы шарт;
- жұмыстың теориялық, талдаулық және конструктивтік бөлімдері көлемі жағынан шамамен бірдей болғаны дұрыс (әр бөлім жалпы диплом жұмысының көлемінің 25-30 % сәйкес болуы қажет). Ең көп кездесетін қателік теориялық тарау көлемінің (бет саны) көп болуы;
- әрбір параграфтың, тараудың соңында қорытындылар жасалуы қажет, яғни мәліметтердің мазмұнын қысқаша баяндап жазу (2-3 абзац). Әдетте қорытындылар төмендегі сөздермен басталады: «сонымен...», «демек...», «жоғарыда айтылғанның негізінде мынадай қорытынды жасауға болады...»;
- мәліметтер алынған көздерге (оқулық, оқу құралдары, мерзімдік басылымдар) осы Ереженің дипломдық жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптарына сәйкес сілтеме жасау қажет (4 тарау). Сілтеме көрсетілмеген жағдайда дипломдық жұмыс қорғауға жіберілмейді;
- қолданылған әдебиеттер саны 25-тен кем болмауы қажет.

Диплом жұмысының тақырыбын таңдау



Дипломдық жұмысты жазу кезіндегі негізгі аспектілер - оның тақырыбын таңдау және күнтізбелік жоспар бойынша оны орындаумен қатар, жұмысты көркемдеу талаптарымен танысу. Дипломдық жұмыстың тақырыбы сәйкес кафедралар мәжілісінде бекітілген тақырыптар тізімінен таңдалады. Студентке диплом жұмысының тақырыбы диплом жұмысы қорғалатын оқу жылының басында анықталып, академия ректорының бұйрығымен бекітіледі. Дипломдық жұмыстарды жазу тәжірибесі жұмыс тақырыбын таңдауға арнайы әдебиет көздерін алдын-ала зерттеу, тәжірибе өту орнында жұмыс істейтін мамандармен, кафедра оқытушылармен кеңесу басты ықпал ететінін көрсетеді.

Дипломдық жұмысты жазу үрдісі, яғни оны дайындау, орындау және қорғау, өзара байланысты бірнеше кезеңдерден тұрады:



- тақырыпты тандау (өтініш);
- зерттеу мәселесі бойынша әдебиет көздерін тандау;
- ғылыми жетекшіні тағайындау;
- дипломдық жұмысты жазу кезіндегі ұйымдастырушылық құжаттарды дайындау (тапсырмалар, күнтізбелік жоспар кестесі);
- дипломдық жұмысты жазу және көркемдеу талаптарымен танысу;
- іріктеліп алынған әдебиет көздерін ғылыми тұрғыдан жинақтап қорыту және зерттеудің теориялық тарауын мазмұндау;
- диплом алдындағы тәжірибе өту барысында жиналған талдаулық мәліметтерді қолдану;
- зерттеудің конструктивтік тарауын дайындау (зерттеу мәселесі бойынша ұсыныстар);
- белгіленген талаптарға сәйкес жұмысты безендіру;
- дипломдық жұмысты қорғау күнінен бір ай бұрын ғылыми жетекшіден жұмыс жайлы пікір алу;
- дипломдық жұмысты қорғау күнінен бір ай бұрын ғылыми жетекшінің пікірі бар жұмысты кафедраға ұсыну;
- кафедра менгерушісінің жұмысты қорғауға рұқсаты берілгеннен кейін қорғау күнінен екі апта бұрын сыртқы рецензентке дипломдық жұмысты жіберу және жазбаша түрдегі рецензия алу;
- қорғауға шығарылатын мәліметтерді кесте және сурет түрінде көркемдеп , баяндама жазу;
- мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында жұмысты қорғау.



Жұмыстың тақырыбы студенттің теориялық біліміне, ғылыми қызығушылықтарына және диплом алдындағы тәжірибені өту орнына немесе жұмыс орнына (сырттай және кешкі бөлім студенттері үшін) байланысты таңдалады. Сонымен қатар студентке жұмыс тақырыбының өз нұсқасын ұсыну құқығы беріледі (тақырыпты ашуда жеткілікті теориялық және тәжірибелік мәліметтер болып, кафедра меңгерушісі рұқсат берген жағдайда). Мұндай жағдайда студент таңдаған тақырыбының негіздері дәлелденген тұжырымдамасын немесе осы тақырыпқа тапсырыс берген мекеменің хатын кафедраға тапсыруы керек. Сырттай бөлімде оқушыға диплом жұмысын (жобаны) өндірістік қажеттілікке сәйкес таңдап алуына рұқсат беріледі



Дипломдық жұмыстың тақырыптары кафедра мәжілісінде бекітіледі. Тақырыпты таңдаған кезде оның өзектілігін, қаншалықты дәрежеде зерттелгенін, студенттің тәжірибелік мағұлматтарды жинаудағы жеке қызығушылықтарын ескеру қажет. Әдебиеттерді таңдау барысында бірден іріктеліп алынған басылымдардың библиографиялық тізілімін құрастыру қажет.





Ғылыми жетекшімен жұмыстың тақырыбын келісіп тандағаннан кейін студент кафедра меңгерушісінің атына осы тақырыпта жұмыс жазу үшін рұқсат алу мақсатымен өтініш жазады (Қосымша А). Диплом алдындағы тәжірибені өту орнына және студенттің өтінішіне сәйкес кафедра студенттерге тақырыптарды және ғылыми жетекшілерді бекіту туралы шешім қабылдап, оны Академия бойынша бұйрықпен бекітуге ұсынады.





Дипломдық жұмыстың мақсатын тұжырымдау нарықтағы мәселелерді талдап, экономикалық құбылыстардың арасындағы заңдылықтарды табуға бағытталуы керек. Әдетте дипломдық жұмыстың мақсаты екі бөлімнен тұрады: біріншісі – «зерттеу» деген сөзбен басталады (зерттеу мәселесі), ал екіншісі – осы мәселені шешетін ұсыныстарды әзірлеу (немесе даму перспективаларын анықтау).

Мысалы: Дипломдық жұмыстың тақырыбы: «Қазақстан Республикасының салық жүйесі: мәселелері және даму перспективалары («Әуезов ауданы бойынша салық басқармасы материалында)»

Дипломдық жұмыстың мақсаты: салық жүйесін барлық жағынан талдау және тәжірибелік ұсынымдарды қайта жасау негізінде және макро микро деңгейдегі республикадағы салық жүйесін жетілдіру,



Дипломдық жұмыстың міндеттері мақсатына байланысты анықталады. Онда төмендегідей сөздер қолданылады: талдау....., әзірлеу....., жалпылау....., дәлелдеу....., ендіру., зерттеу....., анықтау..., көрсету..., сипаттау..., жүйелеп баяндау....., ұсыныстар ұсыну....., болжамдар жасау....., өзара байланысын анықтау....., болашақтағы дамуын айқындау.

Міндеттерді анық тұжырымдау маңызды, өйткені міндеттердің мазмұны, тізімі және олардың орындалуына байланысты дипломдық жұмыстың құрылымы анықталып, сәйкес тараулардың атаулары белгіленеді.

Мысалы: «Қазақстан Республикасының салық жүйесі:мәселелері және даму перспективалары («Әуезов ауданы бойынша салық басқармасы материалында)»

Дипломдық жұмыстың мақсатына байланысты, оның келесі міндеттері анықталып, шешіледі:

- Экономикалық қатынастар жүйесіндегі салық функциясының теориялық аспектілерін айқындау;
- Салық жүйесінің қызметіне баға беру;
- Теориялық және практика негізіне сүйене отырып «Қазақстан Республикасының салық жүйесін жетілдіру

Дипломдық жұмыстағы зерттеу объектілері.



Зерттеу пәні салықтарды алу әдістерін зерттеулердің теориялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілерінің жиынтығы болып табылады.

Зерттеу объектісі ретінде Қазақстан салық жүйесі алынды.

Жұмыс тақырыбы бойынша қолданылған зерттеу **әдістерін** ашуды қысқаша түрде мазмұндау талап етіледі. Бұл жерде автордың жеке зерттеуі бойынша қорытындысы, ұсыныстары, жасалған әдістерді көрсету өте маңызды.

Диплом жұмысының **ғылыми жаңалығы** әдетте экономикалық үрдістердің құрамдас бөліктері, олардың жекелеген түсініктерін нақтылауда көрініп, автордың зерттеу проблемаларын шешуге қосар үлесін сипаттайды (түсініктердің авторлық ұсынысы, жүйеленуі, жіктелуі, зерттеулерді жүргізу әдістемесі, нарықты сегменттеу және т.б.).

Диплом жұмысының негізгі бөлігінде, орындалған дипломдық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, әдістемесі мен диплом жұмысының негізгі қорытындыларын білдіретін мәліметтер келтіріледі, ол жекелеген бөлімдер мен параграфтардан тұрады.

Қорытынды



Дипломдық жұмыстың (жоба) және дипломдық жұмысқа дейінгі мамандыққа бағытталған тәжірибие – студенттің кәсіптік ортада өзіндік қабілетін қалыптастыруға жауап беретін оқудың қорытынды кезеңі. Дипломдық жұмысты мемлекеттік аттестация комиссия отырсында ойдағыдай қорғауы – бұл студентке тиісті біліктілікті берудің құқықтық негізі. Ерекшелік ретінде тек қана медицина мамандықтары (педиатрия, фармация, жалпы медицина, стоматология) дипломдық жұмыс қорғаудың орнына, мемлекеттік емтиханды нәтижелі тапсыру және интернатураны бітіру болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер.



<http://aesa.kz:8073/books/%7B0991F34E-AEF4-453D-B375-38CA211980E1%7D/MUdip-kz/MUdip-kz.htm>

❖ <http://www.izden.kz/diplomy?page=3>

❖ <http://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder1808/%C2%A731%20kaz.pdf>



Назарларыңызға
рахмет!!!

